

«Сақшы» №78 (4148) 21.10.2015ж.

Қайырымдылық – адамдықтың белгісі

ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының басшылығы мен қызметкерлері, сондай-ақ, тыңдаушылары «Дельфин» сәбилер үйіне әрдайым қайырымдылық көрсетіп, қоғамдық өмірлеріне белсене қатысып келеді. Бұл – оқу ордасында дәстүрге айналған игі іс.

Қостанай облысы әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасының «Дельфин» балалар үйінің қызметкерлері адамгершілігі мол, ұйымшыл жандар. Балалар үйінде өткізілген әр іс-шараның сәбилерге қуаныш пен шаттық сыйлайтынын тәрбиешілер жақсы түсінеді.

Академия басшылығы, қызметкерлері мен тыңдаушылары да жетім және тастанды балалардың көңілін аулап, сәбилерге сыйлықтары мен концерттік нөмірлерін тарту етуден жалыққан емес. Атап айтқанда, 2 курс бастығы, полиция капитаны М.Мырзағалиев, полиция кіші сержанты О.Цызман, полиция кіші сержанты З.Камалов, полиция қатардағы А.Сабитов, Е.Жамалов, Е.Әділқенов, Е.Айтпаев, М.Рақымжан секілді тыңдаушылар балалар үйінің тұрақты қонақтарына айналып үлгерген.



Ал жақында сәбилер үйі полиция капитаны Марат Мырзағалиевке балалар үйінің өміріне белсене қатысып, жетім балаларға көмек көрсеткені үшін алғыс жариялады. Сондай-ақ, Академия бастығы, полиция полковнигі Мирлан Қызылов жоғарыда есімдері аталған азаматтарға осындай игі істерге

мұрындық болып, «Дельфин» балалар үйінің қоғамдық өміріне белсенді қатысқаны, сонымен қатар қызметтік міндеттерін адал орындағаны үшін грамотамен марапаттады.

«Академияда қызмет атқарып жүрген қызметкерлердің, білім алып жүрген тыңдаушылардың үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болып, қолдан келген көмектерін жасап жүргені бізді қуантады», - деді марапатты ұсынған полиция полковнигі Мирлан Қызылов. Өз кезегінде алғысқа бөленген азаматтар: «Біз жетімін жерге қаратпаған елміз. Балалар үйлеріндегі әр жеткіншек – Отанымыздың басты құндылығы. Оларға тиісті көңіл бөліп, бала жастан қамқорлық көрсетіп отыру – қасиетті парыз. Ертең олар да ержетіп, еліміздің бір азаматына айналары сөзсіз», - деген жылы лебіздерін білдірді.

Орынбасар УАҚПАЕВА
Қостанай академиясы